

І ТУЫ

ІТТЕРІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ІАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

январь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Қазақстан—көксағыздың шыққан жері. Біз барлық каучук өсірушілерді Қазақ ССР-ін бұл аса бағалы техникалық дақылдан ең мол өнім алатын өлкеге айналдыруға шақырамыз, Отанымызға табиғи каучукті көп берейік!

(Талдықорғандықтардың Үндеуінен).

Ілерінің

радары белгіленген. Орталық Комитеті каучук өсірушілерінің Қазақстандағы өсірушілеріне қарата қауымында совет ұйымдары мен орындары алдына қойған үндеуін колхоз және совхоз қызметкерлерінің мамандарымен талқылау, сөйтіп, көксағыздың тұқым мол өнім алуды көз қарғасына қатысты өздерінің жөніндегі қаралық шаралардың ішіндегі ең маңызды міндетін қанағаттандыру, облыс қауымындағы табиғи —талдықорғандық және жауап берген партия, совет ұйымдарының орындары мен бригадалар мен звендерінің, сөйтіп, олардың саласында нақтылы іс атқаруы, көксағыз өсірушілерінің жөніндегі

Көксағыздан бүкіл егіс көлемінде мол өнім алайық!

Талдықорған облысының каучук өсірушілерінің кеңесіне қатысушылардың Қазақстанның барлық каучук өсірушілеріне арнаған Үндеуі

Қымбатты жолдастар!
Совет халқы коммунист партиясының басшылығымен соғыстан кейінгі жылдарда еліміздің экономикасын өркендету ісінде бұрын болып көрмеген табыстарға жетті. Өнеркәсіп саласында бесжылдық жоспар едәуір асыра орындалды. Соңғы бірнеше жыл бойына елімізде астықтың жылма-жылғы жалпы түсімі 7 миллиард пұттан асып отыр. Дүние жүзіндегі ең үлкен су электр станцияларын, каналдар және жер суару жүйелерін жасау жұмыстары кеңінен өрістетілді. Біздің адамдарымыз оларды коммунизмнің сталиндік ұлы құрылыстары деп орында атады.

Совет Одағының барлық халықтары сыяқты, Қазақстанның еңбекшілері зор табыстарға жетті. Өнеркәсіп өндірісі соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарда белгіленген дәрежеге мерзімінен бұрын


жолымен, көксағыздың барлық егістік жеріне қар тоқтатамыз.

3. Плантацияның әрбір гектарына кемінде 30 тонна көң, 1,5 тонна көң сұйығы, 2 центнер күс қыйын, 3 центнер күл, 5 тонна шіріген көң, қый дайындаймыз. Оның үстіне әрбір гектарға кемінде 10 центнерден минералды тыңайтқыштар аламыз.

4. Колхоздарда көксағыз өсіру жұмысына арналған ауылшаруашылық саймандарын жөндеуді 1952 жылғы 15 февральға аяқтаймыз, әрбір звено үшін кемінде бір ат культиваторын, әрбір бригадала үшін бір бұдырлы араш каток, әрбір колхоз үшін 3 өсімдік қоректендіргіш және бір тұқым үккіш аламыз және жасаймыз.

5. Әрбір көксағыз тұқым сепкішті, егіс қатарларына шіріген, қый мен минералды тыңайтқыштар себегін аппаратты бар арнаулы жәшікпен жабықтай-

Х. ЧОЙБАЛСАН



рып жатыр. Мәселен, Көнюхов ауданындағы «Путь Ильича» колхозында көксағыз егісімен шұғылдануға арналып ұйымдастырылған 5 звено бұл егіс егілген алаңдарға екі реттен қар тоқтатты. Өйткені, көксағыз егісі жерде ылғалдың өте көп болуын талап ететін егіс.

Осы сияқты, Полудень ауданының Тельман атындағы және Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелдерінде де көксағыздан мол өнім алудың қысқы агротехникалық шаралары табандылықпен жүзеге асырылуда. Жуырда осы аудандарғы Париж Коммунасы атындағы колхозда көксағыз өсірушілердің көксағыздан мол өнім алуды қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыру мәселесіне арналған кеңесі болып, онда егілген көксағызды агротехникалық ережелерге сай

қатыспаған бірде-бір колхоз, бірде-бір бригада, бірде-бір звено, тіпті бірде-бір колхозшы қалмайтын болсын.

Социалистік жарысқа жаршы болып отырған Талдықорған облысының көксағыз өсірушілері өздерінің Үндеуінде: «Қазақстан — көксағыздың шыққан жері. Біз барлық каучук өсірушілерді Қазақ ССР-ін бұл аса бағалы техникалық дақылдан ең мол өнім алатын өлкеге айналдыруға шақырамыз», деп жазды.

Облысымыздың көксағыз егуші колхоздарының колхозшылары үшін талдықорғандықтардың игілікті бастамасын қызу қолдап, оған іспен жауап беру, сөйтіп, көксағыз дақылын егуді және онан өнім жыйнауды барған сайын арттыра түсу қасиетті борыш.

—00—

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде

Талдықорған облысының каучук өсірушілерінің кеңесіне қатысушылардың Қазақстанның барлық каучук өсірушілеріне арнаған Үндеуі туралы

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Талдықорған облысындағы каучук өсірушілерінің кеңесіне қатысушылардың көксағыздың тұқымы мен тамырының шығымдылығын онан сайын арттыру және көксағыз өнімін тапсырудың мемлекеттік жоспарын орындау Қазақстанның барлық каучук өсірушілеріне арнаған үндеуін мақұлдады.

Талдықорған, Ақмола, Бөксетау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрілігіне және оның жергілікті органдарына, «Главлеспкаучук» тресіне мыналар тапсырылды: талдықорғандықтардың үндеуі колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары арасында кеңінен талқылаудың, сөйтіп, олардың әрқайсысы көксағыздың тұқымы мен тамырынан мол өнім алуды

кездейтін социалистік жарысқа қатыстырылатын болсын және көксағыз өсіру жөніндегі барлық агротехникалық шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін нақтылы міндеттемелер алатын болсын.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті республикалық және облыстық газеттердің редакторларына, радио хабары комитетіне социалистік жарыстың барысын кеңінен баяндап отыруды, көксағыздың тұқымы мен тамырынан мол өнім алып жүрген каучук өсіруші озаттардың тәжірибесін насихаттап отыруды міндеттеді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрілігіне, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне озат колхоздардың, каучук өсіруші жеке озаттардың жұмыс тәжірибесін үнемі қарап отыру, оны барлық МТС-тер мен колхоздарда кеңінен енгізуге тиісті шаралар қолдану тапсырылды.

ру, еліміздің отандық каучук жөніндегі қажетін қамтамасыз ету — біздің борышымыз.

Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының V съезіне қатысушылар И. В. Сталин жолдасқа жолдаған хатында 1952 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарының, оның ішінде көксағыздың шығымдылығын арттыруға міндеттенді. Бұл міндеттемені абрроймен орындау үшін, біз көксағыздың тұқымы мен тамырының шығымдылығын онан ері мықтап арттыруды кездейтін республикалық социалистік жарыс ұйымдастыруды ұсынамыз.

Каучук өсірушілердің облыстық кеңесіне жыйналып, біздер өзіміздің мүмкіншіліктерімізді есептедік, сөйтіп быйыл көксағыз тұқымын жыйнаудың мемлекеттік жоспарын 30 процент, көксағыз тамырларын жыйнау жоспарын 10 процент асыра орындауды ұйғардық.

Мұның үшін біз мынадай міндеттемелер аламыз:

1. Барлық каучук өсіруші бригадирлерді, звено бастықтарын және колхозшыларды курстарда, агрономиялық үйірмелер мен агрономиялық мектептерде қайта даярлаймыз.

2. Әрбір гектарға кемінде 100 қалқан орнату жолымен, ал, парға қалдырылған учаскетерде қардан кедергілер жасау

Москва — коммунизмнің ұлы құрылыстарына

Москваның кәсіпорындары коммунизм ұлы құрылыстарының заказдарын көңілдегідей орындауда. Ұлы құрылыстарға жүк автомобильдері, компрессорлар, моторлар, энергетикалық машиналар, механизмдер, түрлі жабдықтар жөнелтілуде.

Куйбышев атындағы трансформатор заводның коллективі заказды мерзімінен бұрын орындады. 25 январь күні завод Сталинград су электр станциясының құрылысшыларына көптеген трансформаторлар жөнелтті. Цимлян су торабына екі трансформатор жөнелтілді. Қазір заводтың цехтарында «Еділ-Дон

толық қолданамыз.

1953 жылы көксағыздан мол өнім алынуын қамтамасыз ету үшін, біз көксағыз плантациясына жақсы, арам шөптерден таза, құрылысы неғұрлым қолайлы жерлерден күнілгері учаскетер бөледік. Бұл жерлер қара және ерте көктемдік таза пар жүйесі бойынша өңделеді. Суармалы учаскетерде жер суарудың жаңа жүйесіне көшу жұмыстары жүргізіледі.

1952 жылы көксағыз егісіне арнап пар жырту және оны өңдеу кезінде гектарына 30 тоннадан көп және 5 центнерден минеральды тыңайтқыштар енгіземіз.

Көксағыздың қыс қарсаңындағы егісін ең жақсы агротехникалық мерзімдерде, тура қатарлап, қатараралығына міндетті түрде шіріген қый себу жолымен өткіземіз.

Көксағыздың егіс көлемінің кемінде 10 процентін шаршылап ұялап егу әдісімен егеміз.

Қазақстан — көксағыздың шыққан жері. Біз барлық каучук өсірушілерді Қазақ ССР-ін бұл аса бағалы техникалық дақылдан ең мол өнім алатын өлкеге айналдыруға шақырамыз.

Отанымызға табиғи каучукті көп берейік.

құрылысы» үшін қуатты энергетикалық агрегаттар әзірленуде.

Сталин атындағы автомобиль зауытының коллективі Куйбышев су-электр станциясының құрылысшыларына «ЗИС-150» және «ЗИС-151» 130 автомашинасын жөнелтті.

Көмір өнеркәсібі Министрілігіне қарасты механикаландырудың бас құрылысы зауытының цехтарында турбин насостары жасалуда. Мұндай насостар суды 90 метр тереңдіктен көтеріп, оны алыс жерге бере алады. Жақын күндерде завод ұлы құрылыстарға осындай 15 насос жөнелтпекші.

Мон

ССР
Ко

ССР
тер) Пар
Республи
Саяси Бл
январьда
ған ауыл
ғырып х

Бүк

Монгол
Сухэ-Бат
Чойбалса

Чой

монгол
халқының
кратиял
волюция
Сов
дастың
балсан

Мон

Мон

ССР
Монгол
болуына
қатты қа
Чой

дығы ме
мен Сов
курескері

Сов
халық
Чойбалсан

агро-зоотехникалық курстардың оқытушыларына көмек

Қ курстерде сабақ беру н кейбір мәселелері

ссор К. ИВАНОВИЧ

өне қару
ойдағы-
алдымен
ісі дәре-
еденіетін
л шебер-
н аса
е ойы-
ғына же-
болуына
сабағын
уға мін-
лған сөз-
тыңдау-
лвен ой-
тудің па-
лік жібе-
сөйлен,
болуы
мазмұнға
уға қы-
түсіңді-
тап көр-
шы әңгі-
ер енгіз-
а барлық
сабақта
бастаған
тыңдау-
мәселеле-
с. Сол
ақтаасына
негізгі
бұл да

лық білім пысықталып бекітіледі, өндірісте өз бетімен жұмыс істеудің тәжірибелері пайда болады.

Тәжірибе сабақтарының негізі тыңдаушылардың өздігінен жұмыс істеуі болып саналады. Бірақ бұл сабақтарда ұйымдастырушылық және бағыт сілтеушілік ролді оқытушы атқарады. Барлық оқу құралдарын, жабдықтар мен материалдарды даярлап қолға ол қамқорлық жауапқа тиіс.

Тыңдаушылар үшін тәжірибе жүзіндегі тапсырыстар колхоз өндірісінің өндірістік міндеттерімен табиғи байланысын жатуы қажет. Мәселен, тыңдаушылар тұқымның тазалығын және шығымдылығын анықтау жөніндегі тапсырманы орындауға, тұқымды күн көзіне қыздыру және дәрілеу жұмысын жүргізуге тиіс.

Кейбір тәжірибе сабақтары тікелей өндіріс немесе табиғат жағдайына сай өткізілуі мүмкін. Мұндай сабақтарға, мәселен, табиғи жағдайдағы жер қыртысының құрылысын зерттеу, колхоз қоймасындағы тұқымның сапасын тексеру, сүт пунктіндегі сүттің сапасын анықтау мәселелерін жатқызуға болады.

Тәжірибе сабақтарын жеке тапсырмалар беру түрінде құру дұрыс. Егер жабдықтардың жағдайына байланысты ол мүмкін болмаса, оқытушы 3—5 адамнан зверо құрып, оларға белгілі бір тапсырманы орындауды жүктейді. Бірақ, бұл жағдайда әр тыңдаушының сол жағдайда оның жеке тапсырмасы болып табылатын жұмыстың бөлегі үшін жауапкерші-

Қыраппен жұмыс істеуде, оқығанды ойластырып, оның негізгі мазмұнын саналылықпен ұғыну керек. Оқығанды ойластырып, ұғынып, тыңдаушылар концепт жазып алады. Бұл ең негізгісің қысқаша, байланысты түрде қайта баяндау. Қысқаша жазу материалды жақсы түсінуге көмектеседі. Конспектін өз сөзімен жазу қажет. Тыңдаушылардың білімін төсере отырып, оқытушы концепттермен танысады, өздігінен жұмыс істеу әдісін қалай жақсарту жөнінде кеңес береді.

8. Өндірістік тапсырма

Агро-зоотехникалық курстердегі өндірістік оқу—бүгінгі оқу процесінің тән бөлігі, социалистік ауыл шаруашылығы үшін маман кадрлар даярлаудың маңызды құралы.

Өндірістік оқу тыңдаушыларға теорияны практикада тексеруге, тәжірибемен қарулануға, өзінің білімін тәжірибе жүзінде қолдануға көмектеседі.

Агро-зоотехникалық курстерде колхозшыларды оқытудың аса маңызды міндеті ауылшаруашылық ғылымының және озат практиканың жетістіктерін оларды табандылықпен қолдануы, осының негізінде іс жүзінде барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін едәуір арттыру, қоғамдық мал шаруашылығының сан және сапа жағынан өсуіне жетісу болып саналады.

Оқытушылар курстегі тыңдаушылар мүшесі болып саналатын колхозшылар колхозындағы істің жайын жақсы білулері керек. Колхоз өндірісін өркендету міндеттерін есептей отырып, оқытушы колхозшыларға ғылымның және озат

Кино аппаратымен көрсетілетін газет

Большевиктік баспасөз партиямыздың ең өткір және ең күшті құралы. Баспасөздегі большевиктік сын және өзара сын кадрларымызды тәрбиелейді, олардың күш-жігері мен қайратын арттырады, оларға жұмыстың большевиктік әдісін үйретеді.

Бұл міндеттерді орындауда кино аппаратымен көрсетілетін газеттің атқаратын ролі де аз емес. Бұл газеттерді жылжымалы кинолардың механиктері колхоз партия және комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып шығарады. Бізде Петропавл, Мамлют, Полудень аудандық партия комитеттерінің баспасөз органы—кино аппаратымен көрсетілетін газет шығарылады. Бұл газет мал өсірушілердің, егіншілердің социалистік жарысы мәселелерін, облыс аудандық шаруашылығының ең негізгі саласын өркендету мәселелерін жазады, жұмыстың түрлі салаларында байқалған кемшіліктердің бетін ашып көрсетеді.

Өткен жылы Мамлют аудандық партия комитетінің және колхоздардың активтерінің көмегімен ауданның киномеханиктері 40-тан астам кино аппаратымен көрсетілетін газет шығарды.

Кино аппаратымен көрсетілетін газет редакторларын көбейту үшін КК(б)П аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімі оқу үйлері мен селолық кітапхана меңгерушілерінің аудандық семинарын өткізіп, олар кино аппаратымен көрсетілетін газетті дайындау және пайдалану тәртібімен таныстырылды. Семинарға қатысушылар бұл тәртіппен толық танысқаннан кейін жұмысты жақсы жүргізіп отырған кітапханалардың жұмыс тәжірибесі бейнеленіп, жұмысы нашар кітапханалар сыңға алынған газеттің жаңа номерін көрді. Бұл байқау осындай газетті шығару жөнінде активті неғұрлым көп тарту ісінде зор роль атқарды.

Бұдан кейін аудандық кинофикация

А. Я. Вышинскийдің Москваға оралуы

26 январь күні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының VI сессиясындағы совет делегациясының басшысы ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский Париждан Москваға келді. (СОТА).

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 27 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, барлық майдандарда американо-ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуге болды, жауды адам құрбы және техника жағынан шығындарға ұшыратты деп хабарлады.

Кеше Шығыс майданның жекелеген ұңғосоктерінде жау халық әскерлерінің қорғаныс шептерінің алдыңғы бөлегін асырған күшті бомбалап және артиллериядан оқ жаудырып, халық әскерлерінің шептеріне атака жасауға әрекеттенді. Халық әскерлерінің бөлімдері жауды шығынға ұшыратып, тойтарып тастады.

Кеше Халық армиясының бөлімдері батыс жағалаудағы Декло аралы ауданында жағалаудағы бейбіт елге артиллериядан оқ жаудыруға әрекеттенген жаудың бір тральшигін суға батырды.

АМЕРИКАНДЫҚ САЛТ

НЬЮ-ЙОРК, 26 январь. (СОТА). Американо баспасөзі АҚШ-та маскүнемдіктің өте етек алып, оның мөлшері ұлттық күйзеушілікке жеткендігін жазып тыйышсыздық білдірді.

Жуырда Нью-Йорктың «Нью Рипаблик»

мөлшерінен процент есебімен) арасалмақты көрсетумен бітіру қажет.

3. Пәнді жүйелі түрде баяндау

Пән жүйелі түрде баяндалатын әңгіме білімді ауызша ұғындырудың негізгі және анағұрлым көп тараған әдістерінің бірі. Мектепте және курстарда әр пәнді жүйелі түрде баяндау коммунистік қоғам мүдделеріне қызмет етуге тиіс. Лениннің — Сталиннің мәңгі жасайтын, жеңімпаз идеялары, большевиктік партия мен совет үкметінің саясаты барлық пәндерді оқытудың идеялық-саяси бағытын белгілейді. Ауыл шаруашылығының мамандары сабақ беру — колхозшы-тыңдаушыларды коммунистік тәрбиелеудің аса маңызды құралы екендігін ұмытпаулары керек. Пәнді түсіндіруде және оқытуда алға коммунистік мақсат қойылуы тыңдаушыларға советтік патриотизм, ұлттық мақтаныш сезімін сіңіреді, колхозшыларды қоғамдық кеңіске ұшыты қарауға және еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға үнемі ұмтылуға тәрбиелейді. Сабақ берудің идеялық-саяси дәрежесін көтеру, сабақ беруде Ленин — Сталин партиясының саясатын табандылықпен жүзеге асыру — әрбір оқытушының борышы.

Сабақ беруде біздің социалистік мемлекетіміздің ұлы жетістіктерін көрсету, колхоз құрылысының орасан зор жетістіктерін, мичуриндік агробиология ғылымының аса көрнекті табыстарын көрсету, біздің совет балықтары еңбектерінің дүние жүзілік-тарихи маңызы туралы түсіндіру қажет. Пәнді баяндауда социалистік ауыл шаруашылығы жаңашылдарының, таңдаулы колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың озат тәжірибесі айқын көрсетілуі тиіс. Агрономия мен зоотехниканы оқытып, үйрету колхозшыларды колхоздардың бүкіл қоғамдық шаруашы-

рау жолымен оқытушы тыңдаушылардың білімін төксезді, өткен материалды қайталауды және пысықтауды жүзеге асырады. Әңгіме арқылы жаңа оқу материалын түсіндіруге де болады, бірақ бұл тыңғылықты әзірлікті және оқытушының үлкен педагогикалық шеберлігін талап етеді. Бұл жағдайда әңгіме сұрақтарды шебер қою және кейбір қосымша мағлұматтарды айту арқылы тыңдаушыларды олардың өздері білетін материал негізінде бірқатар тиісті қорытындыға әкелетіндей болып құрылады.

Әңгімеге әзірленгенде негізгі мәселелерді алдын-ала ойластырып, оларды сабақ жоспарына жазып қою керек. Сұрақтар қысқаша және тыңдаушылардың білім дәрежесіне сәйкес болуы тиіс. Сұрақтар арқылы оқытушы курстардың тыңдаушылары меңгерген мол өндірістік тәжірибені пайдаланады.

Әңгімені өткізуде оқытушы сұрақты топтардың бәрін қояды, бұл барлық тыңдаушылардың оны белсене қабыл алып, жауап беруге әзірленуін қамтамасыз етеді. Бұдан соң тыңдаушылардың бірі жауап беруге шығады.

Жауап беруші бүкіл топқа қарап сөйлеуі керек, оқудың барысы оқытушы мен жөле тыңдаушының арасындағы әңгімеге айналып кетпеуге тиіс. Әңгіменің барысында оқытушы оған басқа тыңдаушыларды да тартады. Қойылған сұраққа тыңдаушы мазмұны жағынан да, формасы жағынан да дұрыс жауап беруді талап етеді. Тыңдаушыны асықтыруға, қыспақтауға немесе ол үшін жауап беруге болмайды.

Тыңдаушылардың жауаптарына оқытушы зейін қоя қарап, оларды дұрыс бағалауға тиіс.

5. Тәжірибе сабақтары

Агро-зоотехникалық курстардағы теориялық сабақ көп ретте тәжірибе сабақтарымен ұштастырылады. Оларда теория

оралап қояды.

Мал фермасына экскурсия жасау кезінде тыңдаушылар төлдердің күтілуі және азықтандырылуы жағдайын, малдың құнарлылығын, таңдаулы сауыншылардың, мал шаруашылығы жаңашылдарының озат тәжірибесін зерттеп, үйрене алады, тағмысын тағмыр.

Экскурсия жасау әдетте қысқаша әңгімемен аяқталады. Тыңдаушылардың жыйнаған материалдары, олардың байқағандары жүйеленеді, сөйтіп, сабақтардың оған әрі барысында пайдаланылып отырылады. Экскурсия уақытында колхозшылардың көріп, өзінің жадына қабылдаған барлық таңдаулы, прогресшіл нәрсесі өндіріске енгізілуі керек.

7. Өздігінен жұмыс істеу

Курстардың тыңдаушылары талсырмалар ала отырып, оларды орындау үшін үздіксіз жұмыс істеуі керек. Өздігінен жұмыс істеу колхозшыларды уақыт факторын бағалауға үйретеді, қиыншылықтарды жеңуге баулыды. Өздігінен оқу әдісіндегі негізгі нәрсе кітаппен жұмыс істеу.

В. И. Ленин — Свердлов коммунистік университетінің студент-тыңдаушылары Маркс пен Энгельстің шығармаларын үйрену үшін табанды, үздіксіз жұмыс істеуге шақырды. Ол қайталап оқудың және кітапқа оралып отырудың қажеттігін, оқығанды әржақты ойластыру қажеттігін атап көрсетті. Ленин біздің кадрларымызды өз күштеріне сенуге тәрбиелейді, оқуда қиыншылықтан қорықпауға шақырды.

Тыңдаушылардың саяси, арнаулы және көркем әдебиет кітаптарын оқуын үнемі қолдап, бағалап, колхоз кадрларының күнбе-күн оқуға, оқуға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу керек. Үздіксіз оқу әдеті кадрларымыздың үнемі жетілуінің маңызды шарты.

Чкиль бекітілген бүкіл егіс алаңындағы арпаның әр гектарынан 21,6 центнер өнім өсіреді.

Өндірістік тапсырма беруді дұрыс ұйымдастыру колхоздарда барлық ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру және қоғамдық мал шаруашылығын оған әрі өркендету жолында мақсатты күрес жүргізуге мүмкіндік береді.

9. Білімді тексеру және бағалау

Оқытушы сабақта тыңдаушылардың үлгеруінің күнделікті есебін жүргізіп отырады. Білімді тексеру әдетте өткен материалды қайталаумен сәйкестендіріледі.

Агро-зоотехникалық курстардағы жылдағы оқу сынақпен аяқталады. Сынақты өткізу үшін оқытушы әрбір тыңдаушыға өткен программдан екі-үш негізгі сұрақ белгілейді. Сынақты комиссия өткізеді, оның құрамына: аудандық ауылшаруашылық бөлімінің өкілі, агро-зоотехникалық курстың меңгерушісі және оқытушы кіреді.

Сынақтарда негізгі назар тыңдаушылардың теорияны практикамен байланыстыра білуіне және колхоздың өндірістік табыстарға жетуіне аударылады.

Бірінші жылдың программасын ойдағыдай орындаған тыңдаушыларға агро-техникалық немесе зоотехникалық минимумды меңгергендік туралы анықтама беріледі. Екінші және үшінші оқу жылының программасын меңгерген, сынан өткен тыңдаушыларға ауыл шаруашылығының II және I разрядтағы мастери деген тиісті атақ, осыған сәйкес аттестат беріледі. Аттестаттар мен анықтамаларды аудандық ауылшаруашылық бөлімдері береді.

Ұшаршылық агро-зоотехникалық курстарда оқыту — социалистік ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету жолындағы күрестің маңызды шарты.

Кітап оқушы өсуді

Совет ауданындағы Советінің жанында кітап да газеттер мен журнал келіп тұрады. 1951 жы кітапханада небары 28 бар еді. Ал, 1952 жыл кітаптың саны 810 дан, саны көбеюмен қатар, саны да көбейіп келе 240 адам кітап алып озір 1952 жылдың 20 ян колхозшы, 125 оқытушылар кітап алып оқыды.

Колхоздың ұстасы Па Пушкин, Тургенев, Чехов жазушылардың таңдамал совет жазушыларының дарын оқып шықты.

«ОКТАБРЬ» кино «ШЫНДЫҚ ЖАҚС ОДАН ДА Ж. Сеанстар сағат 8-10-да

«ТРАНСКАД» АБ

өндірістен қол ү шоферлерін дайында Мектеп екінші ж қайта дайындайды, с өткізеді.

Шоферлерді қай кілікте, өндірістен к Шоферлер дайы Петропавл қаласында билы мектебінде, Қы станциясында — темі үйінде өткізіледі.

• Оқуға кіремің д келіп түсінік алулары III-класс шоферл едеуір кемітілді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 42-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1.86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2.36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1.33.2, корректорлар бюросы — 4.39. Газет баспасы — 0.22, газет табыс етілме